

Л 2009  
19096к



# ТАҒЫМ

Бір Аллаға сиынған, ата-бабасына  
мінәжат етіп өткен, біздерді  
дүниеге келтіріп тәрбиелеп-өсірген  
әке-шешеміз Әкімқожа мен  
Нұрғайшаға ТАҒЫМ етеміз.

А 2009/19096 к

# ТАҒЫДИМ



**Әкімқожа САДЫРОВ пен Нұрғайша  
БІЛДЕБЕКОВА. (1985 жыл).**


АСТАНА  
2009

УДК 371+929 (092)  
ББК 74.04+63,3 (5 қаз.) 6-8  
Т 13

Т 13 Тағзым-естеліктер, 2009 - 168 б.

ISBN 978-601-7060-56-5

Бұл кітапқа Қазақтың Ұлы Жүзінен тарайтын Албан елінің Айт руының ұрпағы, Кеңестер одағының «Отличник просвещения СССР» және «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Ұлы Отан соғысының I дәрежелі» орден иегері Әкімқожа Сағырбайұлының өмір жолы, шығармашылығы, ғұмырын жалғастырған үрім-бұтағы жөніндегі мағлұматтар топтастырылған. Кітап – қилы тағдыр иесі Әкімқожа Садыровтың шығармашылығын тасқа басып қалдыруды, «Батыр Ана» Нұрғайша мен Әкімқожа балаларының болмыс-бітімін келер ұрпағына жеткізуді мақсат тұтқан. Ата-баба шежіресі де, үрім бұтақ суреттері сияқты мәліметтер де осында жинақталған.



Т 4304000000  
00 (05) 09

УДК 371+929 (092)  
ББК 74.04+63.3 (5 қаз.)6-8

BBN 978-601-7060-56-5

© Б. Садыр, 2009  
© «Агроиздат», 2009



*Әкімқожа  
САДЫРОВ.  
(Студенттік  
кез. 1935 жыл).*

**Әкімқожа САДЫРОВ:**

## **“Мен бақыттымын”**

“Әркім өз бақытының ұстасы” деген қанатты сөз бар. “Бақытқа молынан кенелген өмір жоқ, тек бақытты күндер ғана болады” деген екен бір ойшыл.

“Өмір дегеніміз – ой” десе данышпан Вольтер, ал Сенека “Өмір дегеніміз – шайқасу” деп қайырады. Ұрпақ тәрбиесіне бағышталған А.П.Чеховтың, данышпан ағартушылар С.Макаренко мен Сухомлинскийдің кітаптары нағыз өмір заңдарының не екенінің мәнін ұрпаққа ашу болатын.

Ұлы күрескер К.Маркс: “Өмір дегеніміз – күрес” десе, ақиық ақын М. Мақатаев: “Өмір – өзен” дейді. Ал жас ақын А. Жолдыбаев: “Өмір – орман” деген екен.

Үшеуінікі де орынды. Өмір – біреу үшін күрес, келесі біреу үшін – өзен де, ал үшінші біреу үшін – орман.

Өкінбе, өкпелеме, бүгінге,

Өмір, өмір!

Болмайды түңілуге,

Мәңгіге сені жазбаған сүрінуге,

Қайта тұрып, хақың бар жүгіруге, — деп Мұқағали жырлағандай, өмір дегеніміз — күрес, ол жеңістер мен жеңілістерден тұрады.

Егер адам ұйқысынан аман-есен оянса, онда ол сол түні өліп кеткен 1 млн. адамнан бақыттырақ. Егер адам ешқашан соғыс көрмесе, жалғыздық азабын тартпаса, түрмеде отырмаса, аштыққа ұшырамаса, озбырлық көрмесе, онда ол жер бетіндегі 500 млн. адамнан бақыттырақ.

Денсаулығы мықты адам 3 миллиард адамнан бақытты.

Егер адамның үйі болса, дүние-мүлкі және киімдері болса, онда ол адам жер бетіндегі адамдардың 75 пайызынан байырақ.

Егер адамның банкте шоты, қалтасында ақшасы, артында азда болса қоры болса, онда ол әлемдегі қамтамасыз етілген 8 пайыз адамның бірі.

Осы сөздердің бәрін түсіне алған адам әлемдегі 2 миллиард адамнан бақытты.

Әлқиссамды аяқтап, өзіме келсем — мен де “өмір - өзеннен” өтіп күресе де, шайқаса да жүріп, “өмір — ойдың” тұңғиығынан өзімше пәлсапа түйе біліп — өміріме риза қалыпта бақытты ғұмыр кештім деп есептеймін. Алдымен Жаратқан иеме құлдық ұрсам, одан соң ата-баба әруағына сиына жарық дүниеге әкелген әке-шешеме тағзым етемін.

Анадан жастай жетім қалсамда, пендеге ғұмыр сыйлар Ана алдында бас иеміз. Өз басым, Алланың бұйыруымен он құрсақ көтеріп “Батыр Ана” атанып ұрпағымды жалғастырған жан-жарым Білдебекқызы Нұрғайшаға басымды иемін, ардақ тұтамын.

Мен 1935-1945 жылдар аралығында 5, 6, 7, 8, 9 кластарға арналған оқулық-хрестоматиялар туралы творчестволық жұмыспен шұғылдандым.

“Ер-Тарғын” операсы, “Арман ағысында” (Ғ.Сланов, повесть), “Универсал” мұғалім” атты еңбектер жаздым. М.Ю.Лермонтов, Н.В.Гоголь, М.Е.Салтыков-Щедрин, В.А.Крылов, Махамбет және Абай творчествосы туралы зерттеулер жүргіздім. Бұл еңбектерім өз уағында республикалық газеттер мен журналдарда басылып жарық көрді. Әдебиет пен оқулықтар жөнінде жазғандарымды М.Әуезов, Ж.Жұмағанов, Б.Қыдырбекұлы, М.Қалдыбаев, Е.Ібітанов, тағы басқалар дұрыс бағалады.

Менің ұстаздарым жемісті істерім мен жастарды тәрбиелеудегі үлгілі еңбектерімді бағалап естеліктер жазды, солардан үзінділер келтірейін.

“Абай” романының 1 кітабына М.Әуезов былай деп жазды:

“Әкімқожаға! Ойланып оқып, тереңдеп сынап көмекші боларсың деген сеніммен, үмітпен сыйлаймын.

Достық көңілден М.Әуезов. 1 августь, 1942 ж .”

1945 жылы шыққан “Абай” романының (орысша) 1 кітабына жазғаны:

“Глубокоуважаемому Акимкоже! С чувством дружбы. Автор М.Ауезов. 1\08 — 1946 г.”

Балғабек Қыдырбекұлының мен туралы жазған “Қылмыстыны көрсеткендіктен...” атты фельетоньнан үзінді:

“Сөзге сөз кезегі келгенді айтпаса атасы өледі емеспе. Жол-жөнекей әңгіме ететін бір мәселе — Садыров кім еді? — дегенге келейік. Ол кедейдің баласы. Жастайынан жетім қалып, балалар үйінде тәрбие алған. 1935 жылы ҚазПИ-дің тіл және әдебиет факультетіне түсіп, оны жақсы бітіріп шықты. Кейін ауыл мұғалімі болып жүргенде ол республикалық газет, журналдарға үзбей мақала, хабар жазып тұрды. Мысалға бір-екеуін айта кету артық болмас. Бір кезде “Ер-Тарғын” операсы туралы, “Қазақ әдебиетінің хрестоматиялары” туралы орынды пікір айтқан да осы Садыров еді” (“Социалистік Қазақстан” газеті, 19 август, 1952 жыл).

Қазақ совет энциклопедиясының бас редакторы, академик М.Қаратаевтың менің еңбегімді бағалаған естелігінен үзінді:

“Өзімнің оқушым, ойшыл, халық мәдениетін, тілін жанындай жақсы көретін Әкімқожаға ең жақсы тілекпен М. Қаратаев. 20 апрель, 1979 ж.). (“Жазушы” баспасы, 1 том).

Жыр дариясы, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ә. Тәжібаевтың (“Жылдар, ойлар”, Алматы, 1976 ж.) менің үлгілі еңбегімді, қызметімді топшылаған пікірі мынандай:

“Жақсы ағартушы, інім, мені жақсылықтарымен және жақсы қызметтерімен қуантқан Әкімқожаға ағалық ықыласпен Ә.Тәжібаев.” (8 май, 1979).

Менің шәкіртім Бердібектің “Біз де бала болғанбыз” атты кітабына жазғаны: “Бір кездегі оқытушы-ұстазым, әдебиетке қызығуымды арттырған, зор себепші болған құрметті Әкімқожа ақсақалға шәкіртіңіз Бердібектен ескерткіш.” (30 август, 1964 ж.).

Сондай-ақ, “Қайдасың Гауһар?” кітабына: “Құрметті Әке! Сіз маған ұстаз болған ардақты адамсыз. Әдебиетке келуіме мұрындық та болдыңыз. Шын жүректен сыйлаймын. Бақыт тілеймін. Оқушыңыз Бердібек.” (30 август, 1978 жыл).

“Қойшылар” поэмасына Еркін Ібітанов былай деп жазады: “Алғаш қалам ұстатып, хат танытып, өмірге-өлеңге баулыған ұстазым Әкімқожаға! Е.Ібітанов”. (4 январь, 1971 ж.).

Менің 10 балам бар. Үлкен балам Отан Әкімқожаев Алматы Халық шаруашылығы институтын бітірген, мамандығы – экономист, Алматыда істейді.

Екінші балам Садыров Абай – ҚазПИ-ді үздік дипломмен бітіріп, осы күні Нарынқолдың “Коммунизм” орта мектебінде тарих сабағының мұғалімі болып, аудан мен облыстың құрметіне бөленіп жүр.

Қыздарым: Айша – Алматы облыстық ауыруханасында дәрігер, Ғайша – ЖемПИ-ді бітірген, кітапханашы, Алқа – Медицина институтының 4 курсында оқиды.

Садыров Берік 1977 жылы КазГУ-дің тіл және әдебиет факультетін бітірген. “Лениншіл жаста” істейді.

“Өткен күннен сыр берген”, “Көктөбедегі көгілдір мұнара”, “Алғыс” деген мазмұнды, көлемді үш-төрт еңбегі жарық көрді.

Сапар мен Еркінім 10-шы класты бітірген, Совет армиясында. Кенже мен Сабыр мектепте оқиды.

“Билігің берекелі болса көркем,  
Басыңа тұра алмайды бақыт қонбай”.

*(Әсет).*

“Оқу оқы, білім ап,  
Жөн ал деген осы заң.  
Еңбек ет те, міндет ет,  
Дем ал деген осы заң.  
Қартайсаң да қайғың жоқ,  
Жассың деген осы заң.  
Бұлбұл үнің бұлақтай —  
Тасысын деген осы заң”.

*(Жамбыл).*

Советтік Конституцияның бізге нұры түсіп, партия мен өкіметтің қамқорлығы арқасында басымызға бақыт қонды. Мен де осы күні творчестволық еңбектермен айналысып жүрмін. Мен — бақыттымын!

*Алматы қаласы, 27 сентябрь, 1979 жыл.*



---

# ТАҒЫМ

## Әкем Әкімқожаның өкініші бар өнегелі өмірі туралы айтып өтсем

Әкемнен көзі тірісінде өзі, ата-әже, бабалар туралы шын мәніндегі мағлұматтар ала алмағаныма өкінемін. Өйткені әкемнің мінезі өте тұйық, жаратылысы сыр алдырмас сырбаз болып өтті. “Берікке!” деп жазып қалдырған шежіресі бар. Шежіренің өзінде қазіргі ата-тегіміз (фамилиямыз) болып жүрген Садыр анық айтылмаған. Кейін анықталғандай Садыр мен Сағырбай бір атадан таралып, негізі Әкімқожа Сағырбайдың баласы болып отыр.

Әкеміздің туған жылы туралы үш түрлі дерекке кезігіп отырмын. Алғашқысы — 14 мамыр 1938 жылғы Алматы қаласы, Фрунзе аудандық комсомол жастар ұйымының № 28-ші протоколы бойынша — партия қатарына өтуге ұсынылған кандидат Ә. Садыровтың туған жылы 1910 жыл деп көрсетілген. Өзі 1912 жылғымын деп айтып жүріп, қайтыс болғанында хабары барлар осыны растап, 76 жасында дүниеден озды делінді. Ал архивтегі қызметтік “Личный листогында” туған жылын өз қолымен 1916 жыл деп жазған. Жоғарыдағы жастар ұйымының № 28-ші протоколында Ә. Садыров 1928 жылдан комсомол мүшесі деп белгіленген. 1916 жылғы

десек — сонда комсомолға 12 жасында өткен болып шығады. Ол заманда 12 жас өте ертерек болуы мүмкін... Яғни, осы үш деректі салыстыра келіп, арулап мәңгі ғұмырға аттандырғанда айтылған уәжге тоқтап, әкеміз 1912 жылы дүниеге келген деген тоқтамға келдік.

Протоколда “Соцпроисхождение — крестьянин-бедняк”, ал “Личный листокта” “служащий” деп көрсетіледі.

Сағырбайдың бұл баласы дүниеге келген күні өз өлкесіндегі аса ауқатты Сағырбайдың үйінде сауда-саттықпен айналысып жүрген орыстың көпестері қонақ болып отырса керек. Олар осы сәт дүниеге сәби келгенін естіп, Сағырбайға: “Бұл баланды біздің тамыр-таныстығымыздың құрметіне атын Иван деп қой” деп ұсыныс жасайды. Көңілдерін қыймай Сағырбай келісіп, сөйтіп Әкімқожа қырқынан шыққанша Иван болып, қырқында молда азан шақырып атын Әкімқожа деп өзгертеді... Бұны әкеміз де “солай болыпты” деп мойындағаны бар.

“Кедей баласы” деген тіптен қисынға келмейді. Оған шежіредегі бірнеше ғасырлық уақыт кезеңіндегі ата-баба тарихы дәлел бола алады. Сауда-саттықпен жүрген орыс көпестерінің өзі анау-мынау қазақпен тамыр-таныс бола бермеген. Әкімқожаның тұңғыш баласы Отанның айтуы бойынша, Сағырбайдың бір ірі қарасының саны 5 мыңнан асып жығылыпты. Ол жөнінде әкеміз үндемегенмен, ауылда ес білгеннен ата-бабамыздың аса бай адамдар болғанын көнекөз қариялардан еститінбіз.

Турасын айтсақ, Сағырбайдың әулеті — ХХ ғасыр басындағы, 1917 жылғы октябрь төңкерісінен кейінгі зұлматтың қаһарына ілігіп, Сағырбай да “аяқ асты ауырып” қайтыс болып, әжеміз Әйнек бір түнде Әкімқожадан басқа балаларын ала-мала Қытай жеріне барып паналапты. Ауыруға душар болып амалсыз шешесінен қалып кеткен Әкімқожаны ағайындар ауруханаға табыстап, өздері де жер ауып кете барады. Өлім аузында қалған өрімдей Әкімқожа сөйтіп кеңес заманының “төл баласы” болып есептеліп, кейін беті

бері қарағанда балалар үйінен бірақ шығады. Сөйтіп әкеден тұл жетім, шеше-бауырлардан тірі жетім Әкімқожа өзін “детдомға” табыстаған Садыр әулетін ата-тек етіп кеңес қоғамының қамқорлығында өсіп-тәрбиеленеді.

“Детдомның” арқасында қара танып оқуға ден қояды. Алғырлығының арқасында замандастарынан көш ілгері қара үзіп, 1928 жылы комсомол жастар ұйымына өтіп, 1932 жылы орталау мектепті үздік төмамдап, халық ағарту ісіне — яғни мұғалімдік қызметке кіріседі.

Бұл саланың білгір маманы атанып, 1935 жылы Қазақ Педагогика институтына оқуға түседі.

ҚазПИ-дің қазақ тілі мен әдебиет факультетін таңдауының да өзіндік себебі бар. Арғы бабасы Сүйіндік болғандықтан, елде “Сүйіндіктің сүйкемесінен сақта” деген қанатты тіркес қалыптасқан. Яғни, ұшқыр ой айту, төрелік сөзге бейімділік — тумасынан қанында бар қасиет. Мәселен Сүйіндік бабамыз — дуан бегі, дуан басы болған. “Дуан” — қазіргі іргелес жатқан бірнеше ауданның шамасын білдіреді. “Албанда дуан бегі болған Сүйіндіктен басқа адамды естімеппіз” дейді шежірешілер. “Сүйіндік — шешен, қара қылды қақ жарған әділ, көреген, айнасына ақылы сай зерделі, біртуар кісі екен. Сүйіндік әулетінің азаматтары үлкен-кішісіне қарамай — әзіл-қалжыңға, қақпа сөзге мықты, шақпа келеді, қанында бар осы қасиетіне қарап басқа аталар “Сүйіндіктің сүйкемесінен сақта” деген қанатты сөз тудырған”. (“Сүйіндік” шежіре кітабы, 51-55 бет).

Одан кейінгі Құдайназар бабамыз — жеті жасынан ерекшелігімен таныла бастап, “бала би” атанады. Би болып билік жүргізгені сонша, ол орыс шенеуніктерінің назарында болған.

Ал әкеміздің берідегі қандасы — ХХ ғасырдың басындағы айтулы ақын Көдек Байшығанұлы болып келеді.

Әкімқожаға жоғары оқу орнында тумасында бар бұл қасиетті қанаттандыруға, ділгірлік пен білгірлікке одан

әрі мүмкіндік жасалып, арғы-бергі әдебиеттен мол мағлұмат алуға қол жеткізу — өзінің де ой-пікірін білдіруге ыңғай беріп, институт қабырғасында жүріп-ақ мерзімдік басылымдарға мақала жаза бастайды. Қанында бар қасиеттің жетегімен, негізінде — сын мақалалар жазып көріне бастайды. Басқасын айтпағанда, құласаң нардан құла демекші, Мұхтар Әуезов құрастырған оқулықты сынап ұлы жазушының назарына ілігеді. Салиқалы да салмақты мақалалары латын альфавитімен “Социалистік Қазақстан”, “Лениншіл жас” сияқты белді басылымдарда жарияланады.

1939 жылы институтты тәмамдаған соң да, Отан соғысына аттанғанға дейін қаламын құрғатпай, бірнеше әдеби сын мақалалар жазып — әдебиет саласында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырады. Осы кітапта беріліп отырылған сол жылдары мерзімді басылымдарда жарияланған латын альфавитіндегі мақалалар сұлбасының өзінен-ақ Ә. Садыровтың жазушылар шығармаларын талдап-таразылағаны, өнер өлкесіне де барлау жасай бағамдағаны, ең аяғы білім қайнар көзі — оқулықтарға пікір білдіруінің өзінен — жан-жақтылықты, білім деңгейінің барысын, жалпы қалам күш-қуатын толық аңғаруға болады.

... Сұм соғыс бұл ұмтылысты күрт үзіп, ел басына қара бұлт төнгенде, Отан үшін отқа ұмтылған азаматтар қатарында Әкімқожа да майданға аттанып кете барды.

... Неге екені, әкеміздің — Сталинград түбінде ауыр жараланып елге оралғанымен, медаль, тағы басқаны айтпағанда, “І дәрежелі Отан соғысы орденінің” иесі бола тұра — осы соғыс туралы құлшына әңгіме айтқанын естімеппін... Кейін байыптасам, оған — өтірікке жоқ, жалған сөйлеуді құп көрмес жаратылысы жібермеді. Кейін өзім де жоғары оқу орнын бітіріп ауылда мұғалім болып жүргенімде соғыс жайында сыр тартып көріп едім: “Балам, менің үндемегенім дұрыс, кесірі сендерге тиеді... Өз уақытысында соғыс шындығы айтыла жатады, сонда менің үндемегенімді біле жатасың...” деп шорт қайырған болатын.

Соғысқа қол-аяқты беріп, бастан ауыр жарақат алған әкеміз бірнеше жыл төсекте таңулы жатып барып өмірге мүгедек қалпында қайта араласады.

Бастан алған жарақат бұрынғы албырт та алғыр шама-шарқын күрт үзеді... қанша тырысып баққанмен бұрынғы күш-қуат қайта орнына келмейді. Өкінгенмен не шара, тағдыр тәлкегіне мойын ұсына — бір кездегі қарымды қаламы келмеске кеткенмен, сауыққандағы шамасы — жас ұрпақ тәрбиелеуге жеткеніне тәуба деп, педагогтық қызметке кіріседі. Сөйтіп ұстаздық жолы басталып, “Хан-Тәңірі” тауы етегіндегі туып-өскен ауылында ұрпақ тәрбиесіне біржола ден қояды.

Көзі ашық, көңілі ояу азамат шәкірт тәрбиелей жүріп, ауыл тірлігіндегі хал-ахуалға бей-жай болмай, әсіресе елдегі келеңсіз қылықтарға тосын қарап, тек жақсылықты жарыса жазатын аудандық, облыстық басылымдарға сыни мақалалар жазуын бастайды. Ол кезде басылымға сын мақаланың жариялануы некен-саяқ, ал жарияланды деген сөз — ол объектіден міндетті түрде қорытынды шығады. Яғни, тексеріліп, анық-қанығы анықталса — сын тезіндегілер дер кезінде жазаланып, орын алған кемшілік дереу түзетіледі.

Сөйтіп әкеміз, “оқытқан баласын ғана білмей”, аудандағы атқамінерлерге “көзге шыққан сүйел” болып алады.

Айылын жимай, анық-қанығы айнадағыдай былтың-шылтынды қалам қарымына іліп — аудандағы біраз басшының “обалына” қалады.

Сынап-мінегенді кім жақтырсын, сыны мірдің оғындай болып опырып түсіргендері бар, арты шикі ат үстіндегілер болып — әкемізге “ор қазуды” ойларынан шығармайды... Ол аралықта әкеміз де қарап жатпай сын-жебесін бұрқыратумен болады.

...Ақыры “жалғыздың шаңы шықпас”, басқаларда пенде-кеуде дегендей, орайын тауып арыз ұйымдастырып әкемізді қызметінен айырады...

Шиттей бала-шаға бағып отырған отау иесіне бұл оңай тимейді. Әкеміз иіліп-кішіреймей, әділдік іздеп астанаға аттанады.

Не керек, ыңғайын тауып ұстазы Мұхтар Әуезовке барып мән-жайды баяндайды. Үлкен істің адамы болса да ұлы Әуезов бір кездегі қаламы қарымды шәкіртінің тағдырына көңіл бөліп, әкеміз өзі жазғандай, істің анық-қанығын анықтауды “Социалистік Қазақстан” газетінің басшысына тапсырады. Сөйтіп сол кездегі “Социалистік Қазақстан” газетінің жас перісі Балғабек Қыдырбекұлының “Қылмыстыны көрсеткендіктен...” (19/ VIII-1952 жыл) атты көлемді фельетоны жарияланады.

Мақалада Ә. Садыровқа таңылған жалалар әшкереленіп, “оның 30 қойы 300 деп көрсетілгені”, ізіне түскен адамдардың бұрын істі болғандығы, совхоз малын талан-таражға салып сотталып келсе де басшылық орында отырғаны айтылып, осыны әшкерелеген Ә. Садыровтың қудаланып, екі жылдай жұмыссыз қалғанын нақты дәлелдермен көрсете келіп мақала авторы сөзін: “Қолында дипломы бар, жоғары білімді адам, екі жылдан бері бос. Қылмыстыны көрсеткендіктен ол орынсыз осынша қудаланды. Екі жыл аз уақыт емес, оның қызметке орналасатын уақыты болған жоқ па? Садыровтың жазығы не? Біздіңше колхоз Уставын бұзушыларды әшкерелеген адамды сергелдеңге салудың өзі барып тұрған қылмыс қой” деп түйіндейді.

Ол кездегі газет пәрменділігі мықты, анау-мынау емес — орталық партия комитетінің органына жарияланған материал “із кесушілердің” төбесінен жай түсіріп жайпап-ақ тастайды.

Әкеміз қызметке қайта орналасып, негізі шешеміздің “жалғыздың шаңы шықпас” мәндегі әңгімесіне ден қоя ойлана келіп, жазуды доғарып, бар күш-жігерін ұрпақ тәрбиесіне жұмсауды жөн деп табады. Институтта алған толағай білімін шәкірт зейініне құюдан артық кәсіп жоқ екенін мойындайды... Сұм соғыста басынан жарақат алмай аман-есен елге оралғанында — бір кездегі бұла күш бұл күндері өз ағысымен ағытылып, әдебиет атты әлемде өз даңғыл жолымен өз өрнегін салар еді-ау... Өкінгенмен тағдыр тәлкегіне көнесің. Енді міне, шама-

шарқынша ел арасында жүріп көз алдыдағы келеңсіздікке қарсы әрекет етіп еді — аяқтан шалды, екі жылдай жұмыссыз сенделтті... Аз уақыт емес, көп ойланды, шерменде шерін тарқатты, керегемен кеңесті, ақыры “ ақырын жүріп, анық басуға” көшті.

Сөйтіп әкеміз ұсынылған мектеп директорлығы сияқты қызметтерден бас тартып, Қақпақ ауылындағы жоғарғы кластардағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнін өткізіп беріп, сол кездегі аудандық оқу бөлімінің бастығы, туысы Шоғанбек Әбдісүлейменовпен бір түн әмпей-жәмпей әңгіме құрып ақылдаса келіп, 1962 жылы өзінің кіндік қаны тамған, ата-баба ауылы, шағын елді мекендегі бастауыш мектепке келіп орнығады. Шекараның түбіндегі “Қызыл шекара” ауылында 4 класты бастауыш мектепті бір өзі оқытуды қолға алады. Жалғыз шатырлы үйдің бір жағында өзі тұрып, бір жағында түске дейін екі класты, түстен кейін екі класты оқытумен болады. Өз елі ортасында “молда” атанып, бір қауым жұртының баласына таяқты әліп деп танытып сауатын ашады. Мен де екінші сыныптан бастап әке алдынан сабақ алдым. Төртіншіні бітіргенше бірде-бір тапсырма орындалмаған күн болмаған сол күндерді мен ғана емес, сол кезең әкемнен дәріс алған шәкірттер кейінде ризашылықпен еске алады. Осы құрамда қазіргі белгілі қаламгер, сазгер Тұрсынжан Шапаев та болған. Талаптың күштілігі сонша, бір сыныпта оншақты бала болса, соның жартысына жуығы сынып бітіргенде “Құрмет грамотасымен” марапатталып жатушы еді.

Әкеміз нағыз түп қуысқа орнығып, пәле-жаладан алыстап, шәкірт тәрбиелеуден тыс уақытында өз тіршілігін түзеумен болды. Шекарамен қапталдас үй іргесіндегі аумағы 4 гектардан асатын жерді темір сыммен қоршап, онда бірден-бір дәнді дақыл көртөшкіні өсіріп тіршілік көзіне айналдырады. Бір ғана мысал, одан түскен өнімнің ең ірісін тіркемесі бар нән көлікке тиеп Алматыға апарып сатып... менің өзіме одан бүтін тиын бір сомдықтың 17-сі тиіп риза болғаным бар.

Несін айталық, әкеміздің төрт класты бірден оқытқандығы, жоғары білімділігі бар — алар айлығы аудандағы ең жоғарғы еңбекақы болып, шешемізде мектептен айлық алып, балалары біздер — не ішеміз, не киеміз демей өсіп-өндік. Қысқы соғымды былай қойғанда, қой-ешкінің барлығы сонша, әр айда кемі екі ұсақ мал азық-түлікке бұйырып жатушы еді. Қаз да болды, тауық топыр-топыр — жұмыртқасына ие бола алмаушы едік.

Шешеміз де шебер, күнде қазан асылып, бір пісіргенде отыздай нанды тандырға жауып терлеп алушы еді... Қой сояр қайындарының реті келмегенде ересектеу біреуімізге пышақ ұстатып, қол сыртынан өзі ұстап қойды бауыздап, демде боршалап тастаушы еді.

Әкеміз айлаға көшіп, бұрынғы “ішіп қойды, жеп қойды... бүлінді” деген мәндегі мақалаға жоламай, өзі тұрып жатқан ауылдың “хал-ахуалын” сөз етіп мақала жаза бастайды. Алдымен қолға алғаны мектеп мәселесі болды. Жазып та, барып та жүріп, ақыры бөлек 4 бөлмелі бастауыш мектеп салдыртуға қол жеткізді. Онымен де тоқтап қалмай, көп өткізбей сегіз жылдық, одан кейін қазіргі зәулім орта мектепті бұйыртып барып тынышталды.

Ауыз су қолға алынып, бірнеше мақала жазып барып — 70 метр тереңдіктен таза су атқылатып ауыл арманы орындалды. Жазып жүріп монша да бұйыртты. Негізгісі, мақаласында “саясатқада араласып”, іргелес Қытай елін көзір ете, соларға дамыған социализмнің көрінісі-жетістігі болар еді деген мәндегі ойларын майдалап жеткізудің арқасында, ойламаған жерден 1976 жылдары “Қызыл шекара” ауылында екі қабатты заманауи үйлердің құрылысы басталып кеп кетті... Оның шапағаты іргелес басқа ауылдарға да тиді. Сол кездері университетті бітіріп қалған менің өзім жазғы демалыста сол құрылыста істеп студенттік “қор” жинап алғаным бар.

1977 жылдың күзінде оқуымды аяқтап, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі мамандығын алып, бірден ауылға, әкеміз салдыртқан мектепке келіп орналастым.



Әкем әлдеқашан зейнетке шықса да, директор “көзір есебінде” қолқалап — мектептің ақыл-кеңесшісі екен. Мен барған соң ұстаздық “таяғын” салтанатты түрде маған табыстап, біржола құрметті демалысқа шықты. Жас келгендікі ме, есейген балаларын медет тұтты ма, бұрынғы бұлқыныс баяу, тек Алматыға жолы жиі түсумен болып жүр екен.

Кейін білдік, астанаға бекерден-бекер шабуылдамапты, ілгерідегі тірлікті ойлап шабылған екен...

Мен барған соң бір жылдан кейін, 1978 жылдың жазында Әкімқожа Садыровқа Алматыдағы Әль-Фараби даңғылынан 4 бөлмелі үй бұйырып, ауылмен қоштасып астанаға көшіп келіп қоныстандық. Кейін білдім, әкем бұған — майдандасы, Алматы облысының бірінші хатшысы, халқының ардақ тұтар азаматы Асанбай Асқаровтың демеуімен қол жеткізіпті.

Сөйтіп, әке-шешемізбен сегіз жан қала тірлігіне бейімделуге тура келді. Шешемізден тартып ширап, бос белбеуді тартыңқырап, есік алдындағы мал, қаз-тауығы жоқ қалалық қатқылдау тірлікке тосырқамай, “Әліби әлімізді, құмырсқа жолымызды білуімізге” тура келді... Қиындау соққаны рас. Әсіресе жұмыс табылмай еңсеміз түсті.

Жоғары білімді маған мұғалімдік бұйырмай, милицияға орналасуға “биография” келмей, біраз табан тоздырып, болмаған соң прапорщик құда арқылы әскери базада солдаттармен бірге от жағуға тура келді... Бір күн-түн істеп, екі күн демаламын. Жалақысы тәп-тәуір.

Тек жүрмей қызмет қарайластырамын.

Баяғы әкем, бір күні “Сағат Әшімбаевқа барып жолық” деді. Сағат аға ол кезде “Лениншіл жас” газетінде бас редактордың орынбасары екен. Барып едім Сәкең: “Не журфак бітірмепсің, не жазған-сызғаның жоқ...” деп әбіржіп: “Жарайды, филологияны тәп-тәуір бітіріпсің, корректор болуға қалайсың?” дегені. Қуана құп алып, 1979 жылы “Лениншіл жас” газетіне іліктім. Әй, әкем-ай, мектеп бітірген жылы өз қалауыммен оқуға

ҚазПИ-дің  
тіл және  
әдебиет  
факультетінің  
3 курс  
студенттері.  
(14\ 01 — 1938  
жыл).  
Әкімқожа  
Садыров —  
алдыңғы  
қатарда оң  
жақтан  
екінші.

Студенты III курса факультета языка и  
литературы КазПИ Г.Алма-ата 14/1-1938г.



Тов. Садыров делегат II-го Съезда  
Советских Писателей Казахстана  
ПОВЕСТКА СЪЕЗДА

1. Отчет доклада Правления ОМ КООР /донд.т. Абжан Д./
2. Отчет ревизионной комиссии /донд.т. Маронов Т./
3. О прозе и критике /донд.т. Мунанов О./
4. Выбор

Объяснение

Қазақстан жазушыларының II съезінің делегаты Садыровтың куәлігі.

**ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА № 22.**

заседания бюро Фрунзенского Горрайкома ЛКСМ от 14 мая 38г. г. Алмаат

Слушали: заявление т. САДЫРОВА Такимкожа о даче рекомендации для поступления в кандидаты КП/б/К. т. Садыров год рождения 1910, национальность казак, социальное происхождение крестьянин-бедняк, член ЛКСМ с 1923г. С 1935 г. учится в КазПИ на факультете языка и литературы III курса, является агитатором.

Постановили: рекомендовать т. Садырова Такимкожа в кандидаты КП/б/К как политически грамотного, идеологически выдержанного комсомольца.



*[Handwritten signature]*

/Бактыгиреев/


верно:

*Борис Овчинин*


Ө. Садыровты партия қатарына ұсыну жөніндегі жиналыс протоколының көшірмесі. (14\ 05 — 1938 жыл.)



*Студенттік кез. (Оң жақтан бірінші).*



*1930 жылдар. (Оң жақтан екінші отырған әкеміз).*



1930 жылдың орта тұсы. (Сол жақтағы Әкімқожа).



Студенттік кез болуы керек. (Оң жақтағы әкеміз).

# DIPLOM

№ 403445

Осыны ұсыныс қолдас *Sador*

*Акимов*  
 1935 с. *Ақмола қаласындағы*  
*педагогикалық институтын*  
 1937 с. *меншік* *академиясына*  
 толық *жүйелі* *Мемлекеттік* *Екзамен*  
 Комиссиясының 1937 жылғы *Қазақ*  
*Оқу-тәрбиесі және білігімен оқу*  
 негізінді *кваліфикациясы*



қаласы 1937 с.

Әремі № 59

Министрлер Кеңесінің 1937 жылғы № 14-1585, Алматы, Қазақстан, 1938.

Құрметті  
 Мәжіліс, аяқ  
 Қазақстан Республикасының  
 Президентінің

# ДИПЛОМ

№ 403445

Түркістан Республикасының *Сағұров*

1935 г. *Ақмола қаласындағы*  
 педагогикалық *институтын*  
 толық *жүйелі* *Мемлекеттік*  
 Комиссиясының 1937 жылғы *Қазақ*  
 Оқу-тәрбиесі және білігімен *оқу*  
 негізінді *кваліфикациясы*  
 негізінде *Қазақстан Республикасының*  
 Президентінің *Қазақстан*  
 Республикасының *Дипломатиялық*  
 Кеңесінің *Мәжіліс*  
 1937 жылғы *Қазақстан*  
 Республикасының *Дипломатиялық*  
 Кеңесінің *Мәжіліс*




қаласы 1937 г.


Әремі № 59

Министрлер Кеңесінің 1937 жылғы № 14-1585, Алматы, Қазақстан, 1938.

Қазақтың  
 Мемлекеттік  
 педагогикалық  
 институтын  
 бітірген  
 кезде алған  
 “Дипломы”.



Әкімқожа Садырқожа Мұхтар Әуезовтың 1942 жылы "Абай жолы" кітабына жазып берген қолтаңбасы.



Мұхтар  
Әуезовтың  
өкемізге  
“Абай”  
романына  
жазған  
қолтаңбасы.  
(1946 жыл).

